


Қазақстан – Ресей Медицина Университеті



Тақырыбы:

Мидың органикалық ауруы.
Атрофиялық мидың аурулары

Орындаған:Рахманбердиева Ж.Б
Тобы: 612 жтд

Эмоция және оның бұзылыстары


- Эмоция— әр адамға оған әсер ететін тітіркендіргіш пен өз ісінің нәтижелерінің (қанағат болу, қанағаттандырмау) маңыздылығын бейнелейтін, индивидтың субъективті боялған ой-толқулары түріндегі реакциялар. П.К.Анохин жазуы бойынша: “Эмоциялар- айқын бейнеленген субъективті боялуы бар және адамның сезімдері мен ой-толқуларының барлық түрлерін қамтитын (терең жарақаттайтын қинаулардан бастап, қуаныш пен әлеуметтік өмір сезінудің жоғары формаларына дейін) ағзаның физиологиялық жағдайы”

Эмоция түрлері:

- Эпикритикалық (қыртысты)- эстетикалық, этикалық, адамгершілік сезімдер.
- Протопатиялық (қыртыс асты)- аштық, шөлдеу сезімін қанағаттандыру, жыныстық сезім.
- Оң эмоциялар- қуаныш, қанағат болу сезімі.
- Теріс эмоциялар- ашуулану, тітіркену, үайым, мақсатқа жетудегі кедергілердің болуы.
- Стениялық- мақсатқа жетудегі күшті мобилизациялайтын активті белсенділік, күреске бағытталған сезімдер.
- Астениялық- тәмен белсенділік, сенімсіздік, күдіктену сезімі.




KazMedic.kz



Эмоция онтогенезі


Бірінші этап- нәрестелерде инстинктердің, негізінен өзін-өзі сақтау және тағмдық инстинктердің басым болуы.

- Екінші этап- органикалық сезіну. Оның негізі- экстра- және интрапрецепторлардан түсken ақпаратты өндеу және балада өз ойларымен сәйкес қоршаған орта жөніндегі тұрақсыз образды бейнелердің туындауы.
- Үшінші этап- эпикритикалық эмоциялардың дамуы, 3-4 жастан 12-14 жасқа дейін.
- Төртінші этап- жоғарғы адамгершілік эмоциялардың дамуы, олардың толық түзілуі 20-22 жасқа дейн аяқталады.

- 
- Эмоция бұзылуының симптомдары
Эмоционалды көніл бөлу— әр-түрлі жағдайларға жауап ретінде дамитын жедел эмоционалды реакциялар.
 - Эксплозивтілік— жоғары эмоционалды қозғыштық, айқын аффект көріністеріне бейімділік, күші бойынша адекватсыз реакция.
 - Эмоционалды тоқырау— пайда болған аффективті реакция ұзақ уақытқа бекітіліп, адамның ойы мен қимыл-қозғалысына әсерін тигізетін жағдай.
 - Амбиваленттілік— бір адамға бір уақытта қарама-қарсы сезімдердің дамуы.
 - Сезімдерді жоғалту сезімі— болып жатқан оқиғаларға немікүрайлықпен қарау, психогенді “эмоционалды салдану” кезінде кездеседі.

- **Көніл-күй бұзылуының симптомдары**
- Эмоционаның күшеюімен сипатталатын бұзылыстар:
- Гипертиmia— жоғары көнілді, қуанышты көніл-күй, өте жақсы физикалық сезінумен, барлық сұрақтарды шешудегі жеңілілікпен, өз мүмкіндіктерін асыра бағалаумен сипатталады.
- Эйфория— көніл-күйдің өте жоғарылауы, рахаттану, жоғары оптимизм, болып жатқан құбылыстарды толық емес бағалау.
- Гипотиmia— тәмен көніл-күй, уайымдық, өмірге қанағат болмау сезімдері, қазіргі өмір, өткен шақ пен болашақ сұр тонмен бейнеленеді.
- Дисфория— өз-өзіне және қоршаған адамдарға деген қанағатсыздылық сезімімен сипатталатын, себепсіз, айқын басталатын көніл-күйдің ызалы тәмендеуі.
- Уайым— ішкі тынышсыздық, қайғыны, жаман нәрселерді, катастрофаны күту сезімі.
- Эмоционалды әлсіздік— лабилділік, көніл-күйдің тұрақсыздығы, оның айқын емес құбылыстардың әсерінен күрт өзгеруі.
- Ауырсынатын психикалық сезімнің жоғалуы (*anaesthesia psychica dolorosa*)— барлық адамдық сезімдердің (жақындарына деген махаббат, қайғы, қуаныш) жоғалуын қатты уайымдау.

Эмоционалділіктің төмендеуімен сипатталатын бұзылыстар:





Апатия— өзіне, айналасындағы адамдар мен құбылыстарға көніл бөлмеумен, арман-мақсаттарының болмауымен және толық іссізділікпен сипатталатын эмоционалды-ерікті сфераның бұзылысы.

Эмоционалды монотондылық— эмоционалды сұықтық, барлық құбылыстарға, олардың эмоционалды маңыздылығына қарамастан, бірдей, сұық көзқарастың болуы.

Эмоционалды қатаю— ең нәзік дифференцияланған эмоционалды реакциялардың жойылуымен сипатталады: деликаттылық, біреудің қуанышына бөлену сезімі жойылып, әдепсіздік, дәрменсіздік дамиды.

Эмоционалды, немесе аффективті, ақылсыздық— эмоционалды реакциялар мен қатынастардың әлсіздігімен, сезімдер төмендеуімен, кейде сезімдердің толық жоғалуымен сипатталатын бұзылыс.

- 
- Көңіл-күй мен эмоция бұзылыстары кезіндегі бет бұлшықеттері мимикасының өзгерістері: Гипермимия- тез пайда болып, жоғалатын аффектілер суретін бейнелейтін, тез ауысатын мимикамен сипатталатын бұзылыс. Мимикалық реакциялар көрінісі жиі өте айқын және бейнелі болып келеді. Бейнелі өзгерістер өте тез, ауыспалы болып келеді, кейбір кезде маниакалды қозуға дейін жетуі мүмкін. Амимия, гипомимия- мимиканың әлсіреуі немесе мүлде болмауы, депрессивті жағдайларға тән қайғы, немқұрайлық мимикасының тұрақтануымен сипатталады. Парамимия- мимика мен бейнелеуші қымылдардың жағдайға сәйкесіздігі. Бұл өлікті жерлеу кезінде құлімдеудің, тойда жылау мен немқұрайлық, уайым-қайғы белгілерінің болуымен сипатталады. Кейде ішкі сезімдері сыртқы мимикасына сәйкес келмейді.




Эмоция бұзылуының синдромдары

Депрессивті синдром түрлері:


- Қарапайым депрессия.
- Қозу депрессиясы.
- Уайым депрессиясы.
- Апатиялық депрессия.
- Жасырын (соматикалық) депрессия.
- Депрессивті эквиваленттер.

- Депрессивті синдромның симптомдары:
- 1. Депрессивті үштік: көніл-күйдің төмендеуі; идеаторлы тоқыраушылық; моторлы тоқыраушылық;
- 2. Өз-өзін төмен бағалау, пессимизм.
- 3. Өз-өзін кінәлау, төмendetу сандырағы, ипохондриалық сандырақ.
- 4. Әуестіктің төмендеуі: тәбетінің, жыныстық әуестің төмендеуі, қарым-қатынас орнатпау, суицидке бейімділік.
- 5. Ұйқының бұзылыстары: ұзақтығының қысқаруы, ерте ояну, ұйқысы қанбау.
- 6. Соматикалық бұзылыстар: терінің құрғақтылығы, тургорының төмендеуі, шаш пен тырнақтың сынғыштығы, жастың болмауы, іш қату, тахикардия мен АҚ көтерілуі, мидриаз, дене салмағының төмендеуі.



■ Маниакалды синдромның симптомдары

- 1. Маниакалды үштік: көніл-күйдің жоғарылауы; ойлаудың тездеуі; психомоторлы қозу;
- 2. Өз-өзін жоғары бағалау, оптимизм.
- 3. Ұлылық сандырағы.
- 4. Әуестіктердің жоғарылауы: тәбетінің жоғарылауы, гиперсексуалділік, қарым-қатынасқа әуестік, адамдарға көмек көрсеткісі келіп тұрады, альтруизм.
- 5. Ұйқының бұзылуы: ұзақтығының қысқаруы, бірақ шаршағыштық сезімін шақырмайды, ұйқысы қанады.
- 6. Соматикалық бұзылыстар тән емес.



Пайдаланған әдебиеттер:

- Коркин М.В. , Лакосина Н.Д. , Личко А.Е. «Психиатрия» в 86 т. (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1890—1907.
- www.grandars.ru/college/psihologiya/emosii-i-chuvstva.html
- Я. Рейковский. Экспериментальная психология эмоций. — М., 1979.
- Изард К. Эмоции человека. — М.: МГУ, 1980. — 440 с.